

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 5 желтоқсан N 1284

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы
16 қарашадағы N 4153 Жарлығына толықтырулар
мен өзгерістер енгізу туралы**

Азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру мақсатында және "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасының қысқа мерзімді іс-шараларын іске асыруды аяқтауға байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 42-43, 381-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасында:

"Денсаулық сақтау жүйесінің жай-күйі мен қажеттіктері. Қазақстан халқының денсаулық жағдайының проблемалары" деген 1-бөлікте:

"Қоршаған орта және халық денсаулығы" деген 1.2-бөлімде:

алтыншы абзац мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Микронутриенттер жетіспеушілігімен, оның ішінде йод және темір тапшылығымен байланысты аурулардың саны өсуде";

тоғызыншы абзац мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Республикада құрамында сынап бар қалдықтарды тиімді пайдаға асыруға мүмкіндік туғызатын демеркуризациялық өндіріс іс жүзінде жоқ.";

"Шешу жолдары" деген тарау мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қоршаған ортаның сынаппен ластануының алдын алуды және азайтуды қамтамасыз ету." ;

"Иммундық егу" деген 1.5-бөлімде:

"Шешу жолдары" деген тараудағы 3-тармақ "камту" деген сөздің алдынан ", оның ішінде дифтерияға, тырысқаққа, құтыруға, іш сүзегіне, В гепатитіне, кене энцефалитіне қарсы ересек тұрғындарды, иммуноглобулин мен бактериофаг ауруларының алдын алуды" деген сөздермен толықтырылсын;

"Ана денсаулығын қорғау" деген 1.7-бөлімде:

"Қол жеткізу жолдары" деген тарау мынадай мазмұндағы 9, 10, 11-тармақтармен толықтырылсын:

"9. Жүкті әйелдерді жатыршілік инфекцияларға, ұрық дамуының туа біткен кемістігіне, жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға тексеруді ұйымдастыру.

10. Жаңа туған нәрестелерде неғұрлым жиі кездесетін туа біткен және тұқым қуалаушы аурулардың скрининг-диагностикасын жүргізу.

11. Әйелдерді босандыру ұйымдарында жүкті, босанатын, босанған әйелдер мен жаңа туған нәрестелерді барлық қажетті дәрілік препараттармен қамтамасыз ету.";

"Балалар тағамы" деген 1.9-бөлімде:

"Қол жеткізу жолдары" деген тарау мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орган халықаралық практиканы негізге ала отырып, емшек сүтін алмастырғыштарды сату жөніндегі ережені әзірлесін." ;

"Салауатты өмір салтын қалыптастыру" деген 1.12-бөлімде:

"Мәселенің жай-күйі" деген тарау мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Психикалық-сезімталдық жүктемелермен, тамақтанудың теңгерілмеуімен, қозғалысы аз өмір сүру салтымен, тіршілік ету ортасының зиянды әсер ету факторларымен, кәсіби факторлармен және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларымен, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдаланумен түсіндірілетін аурулардың ауырлығы мен өлім себептері өршу үстінде. Халық денсаулығының өзекті проблемасы жүрек-қан тамырлары жүйесі патологиясының, әсіресе, қайтыс болу себептерінің 20-50 процент үлесіне келетін артериялық гипертонияның таралуы болып отыр. Соңғы онжылдықтар ішінде онкологиялық аурулардың да өсу үрдісі байқалып отыр. Қалыптасқан ахуал адамның өмір сүру салтымен тікелей байланысты ауруларды азайтуға және олардың алдын алуға бағытталған шұғыл шаралар қабылдауды талап етеді." ;

"Қол жеткізу жолдары" деген тарау мынадай мазмұндағы 9-тармақпен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"9. Өмір сүру салтымен тікелей байланысты аурудың алдын алу мен оның деңгейін төмендету, халық денсаулығын сақтау және нығайту жөнінде кең ауқымды шаралар к е ш е н і н е н г і з у . " ;

мынадай мазмұндағы 1.13-бөліммен толықтырылсын:

"1.13. Халыққа мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді ж е т і л д і р у .

Халықтың науқастану құрылымында жарақаттанушылық үлес салмағының көбеюі мамандандырылған және шұғыл медициналық жедел көмекті жетілдіру мен оның тиісті деңгейін қамтамасыз етуді талап етеді.

Қалыптасқан жағдайды және мамандандырылған, әсіресе, нейрохирургиялық және кардиохирургиялық патологиясы бар науқастарға көрсетілетін көмектің сапасын талдау еңбекке жарамды жастағы науқастардың өлімі мен мүгедектігіне әкелетін келеңсіз үрдістердің шиеленісуін көрсетіп отыр.

Ауылдық жерлердің тұрғындары үшін іс жүзінде қолы жетпейтін және қалаларда халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін халыққа шұғыл медициналық жедел көмек көрсету одан әрі дамытуды талап етеді.

Негізгі б а с ы м д ы қ т а р :

1. Орталық, түпкірдегі нерв жүйесі және кардиологиялық патологиясы бар аурулардың алдын алу және науқастарға сапалы медициналық көмек көрсету.

2. Жедел және шұғыл медициналық көмектің жеделдігі мен сапасын арттыру.

Қ о л ж е т к і з у ж о л д а р ы :

1. Бас-ми жарақаттануы, нейроонкологиялық патологиялардың, цереброваскулярлық аурулар мен нерв жүйесінің дамуындағы ақаулары салдарларының алдын алуды қамтамасыз ету.

2. Нейрохирургиялық және кардиохирургиялық патологиясы бар науқастарды диагностикалау мен емдеу сапасын жақсарту.

3. Оңалту мерзімдерін қысқарту және мүгедектікті азайту.

4. Жедел медициналық көмекті тиімді ұйымдастыру мен жедел басқаруды қ а м т а м а с ы з е т у .

5. Жедел медициналық көмек көрсету қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру.

6. Жедел медициналық көмек көрсету ұйымдарын материалдық-техникалық ж а р а қ т а н д ы р у д ы ж а ң ғ ы р т у . " ;

"Халыққа медициналық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру" деген 2-бөлікте:

"Халыққа медициналық қызмет көрсету жүйесі" деген 2.1-бөлім мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Сонымен бірге, республикада республикалық және жергілікті деңгейдегі медициналық ұйымдарды дамыту мен жаңғырту мәселесі өткір тұр. Сондай-ақ,

жоғарыда көрсетілген ұйымдарға тиесілі ғимараттардың көпшілігі ұзақ уақыт пайдаланылғанына және олардың қанағаттанғысыз жай-күйіне назар аударған жөн, өз кезегінде, олар емдеу-алдын алу ұйымдары көрсететін қызметтердің сапасына, науқастардың тұру жағдайы мен сервистік қызмет көрсетуге әсер етеді.

Осылайша, медицина ұйымдарының материалдық-техникалық базасының жай-күйі диагностиканың, зертханалық бақылаудың қазіргі заманғы әдістерін отандық денсаулық сақтауға толық көлемде енгізуге, халыққа медициналық қызмет көрсету жүйесін жаңғыртуға және көрсетілетін қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік б е р м е й д і .

Мақсаты: Емдеу-алдын алу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын н ы ғ а й т у .

Н е г і з г і б а с ы м д ы қ т а р :

Емдеу-алдын алу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы халыққа медициналық көмек көрсетудің сапасы мен қол жетімділігін жақсарту.

Ш е ш у ж о л д а р ы :

1. Ауылдық жерлерде емдеу-алдын алу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

2. Ауылдық денсаулық сақтау объектілеріне телефон орнату, оларды суық және ыстық сумен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау.";

"Мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерін осы заманғы жабдықпен қамтамасыз ету және жаңарту" деген 2.6-бөлімде:

"Шешу жолдары" деген тарау мынадай мазмұндағы 4, 5-тармақтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"4. Сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында фельдшерлік-акушерлік пункттерді, ауылдық учаскелік ауруханаларды, отбасылық дәрігерлік амбулаторияларды, консультативтік-диагностикалық орталықтар мен емханаларды медициналық жабдықпен жарақтау.

5. Ауруды уақытылы диагностикалау және мемлекеттің халыққа медициналық көмек көрсету шығыстарын азайту есебінен науқастардың стационарда және амбулаториялық емдеуде болу мерзімдерін қысқарту мақсатында мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында диагностикалау мен емдеу жабдықтарын жаңарту к е р е к . " ;

"Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медицина және фармацевтика өнеркәсібін дамыту " д е г е н 2 . 7 - б ө л і м д е :

"Мәселенің жай-күйі" деген тарау мынадай мазмұндағы абзацтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Республикада қант диабетімен науқастану жөніндегі жағдайды талдау науқастардың жыл сайын орташа есеппен алғанда 10-12 процентке өсуін көрсетеді, бұл инсулин сатып алуға жұмсалатын шығындардың өсу қажеттігі себептерінің бірі болып

табылады. Бұдан басқа, диабетті бақылау мен өзіндік бақылау құралдарының айқын тапшылығы орын алып отыр, атап айтқанда, тіркелім деректері бойынша науқастардың 2,6 процентінде ғана глюкометрлер бар. Бұл олардың едәуір дәрежеде инсулин мөлшерін уәжсіз арттыруына әкеліп соқтырады.

Осыған байланысты, қант диабетімен ауыратын науқастар үшін сапасы жоғары инсулин препараттары мен оларды жеткізу құралдарын сатып алу практикасын жалғастыру қажет.

Таблеткіленген диабетке қарсы препараттарды, диабетті бақылау мен өзіндік бақылау құралдарын сатып алуды жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асыру қажет.

Бүйрегін ауыстырып қондыру жағдайларын қоса алғанда, бүйрек патологиясы бар науқастарға мамандандырылған көмек көрсетуді жетілдіру мен иммундық-супрессивтік терапия жүргізу қажеттілігі өзекті проблема болып табылады, бұл бүйрек функцияларының жеткіліксіздігінен ауыратын науқастар мен ауыстырып қондырылған бүйрегі бар пациенттерді республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орталықтандырып сатып алынатын иммундық-супрессивтік препараттармен, диализаторлармен және шығыс материалдарымен қамтамасыз етуді талап етеді.

ДСҰ-ның туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеу бойынша бағдарламасын енгізу жөнінде қабылданған шаралар халықтың бұл аурудан қайтыс болуын азайтуға мүмкіндік берді, алайда, туберкулездің мультирезистенттік нысандарын емдеу шешілмейтін проблема болып қалып отыр. Осыған байланысты, туберкулездің мультирезистенттік нысандарын емдеу үшін туберкулезге қарсы препараттарды орталықтандырылған сатып алуды қамтамасыз ету қажет.

Онкологиялық науқастар мен лейкемиядан зардап шегуші балаларды тиімділігі жоғары цитостаттық препараттармен орталықтандырылған қамтамасыз ету мәселелері өзекті болып қалады."

"Шешу жолдары" деген тарау мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Диабетпен, туберкулезбен, бүйрек патологиясы бар, онкологиялық аурулармен ауыратын науқастар және лейкемиядан зардап шегуші балалар үшін дәрілік препараттар мен шығыс материалдарын орталықтандырылған сатып алуды қамтамасыз ету."

"Денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру" деген 5-бөлімде:

"Мәселенің жай-күйі" деген тарауда:

бірінші абзацта:

1-тармақ "жетіспеуі" деген сөзден кейін ", республика заңдарында айқындалған халықтың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне қажеттілігін жаппайды" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Ұсынылатын медициналық қызметтерге бірыңғай тарифтік саясат жоқ."

"Негізгі басымдықтар" деген тарауда:
 "3" деген сан "2" деген санмен ауыстырылсын;
 мынадай мазмұндағы 3, 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Халыққа көрсетілетін медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасын арттыруды қамтамасыз ететін денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесін құру.

4. Үш жыл ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қаржылық қамтамасыз етудің қажетті деңгейіне кезең-кезеңмен қол жеткізу.";

"Шешу жолдары" деген тарауда:
 "5" деген сан "4" деген санмен ауыстырылсын;
 мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Медицина ұйымдарында ақпараттық қамтамасыз ету мен есепке алуды жетілдіру .
 " ;

мынадай мазмұндағы 6-бөліммен толықтырылсын:

"6-бөлім. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері.

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты мен Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылады .

Бағдарламаны іске асыру республикалық бюджеттің қаражатынан 2003 жылы - 15273312 мың теңге, 2004 жылы - 20887139 мың теңге, 2005 жылы - 20887139 мың теңге қаржыландыруды талап етеді.

Бюджет қаражатының Бағдарламаны 2004-2005 жылдары іске асыру үшін қажетті көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

мың теңге

 N ! Іс-шаралардың атауы ! 2003 жыл ! 2004 жыл ! 2005 жыл

1. Халықты иммундық егуді,	638196	638196	638196
соның ішінде дифтерияға,			
тырысқаққа, құтыруға іш			
сүзегі мен кене энцефалитіне			
және В гепатитіне қарсы			
вакциналармен қамтамасыз			

ету

2. Мемлекеттік емдеу-алдын	1404122	1382101	1382101
алу ұйымдарын қазіргі			
заманғы медициналық			
жабдықпен және санитарлық			

автокөлікпен қамтамасыз ету

3.	Диабетпен, туберкулезбен,	3795056	3795056	3795056
	бүйрек патологиясы бар,			
	онкологиялық аурулармен			
	ауыратын науқастарға және			
	лейкемиядан зардап шегуші			
	балалар үшін дәрілік			
	препараттар мен шығыс			
	материалдарын сатып алуды			
	қамтамасыз ету			
4.	Халыққа медициналық	71786	71786	71786
	қызмет көрсетуді басқаруды			
	жетілдіру			
5.	Тегін медициналық көмектің	10000000	15000000	15000000
	кепілдік берілген көлемін			
	қаржыландырудың қажетті			
	деңгейін қамтамасыз ету,			
	соның ішінде 1, 3-тармақтарда			
	ескерілген			6 3 5 8 4 8

-----".

2. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті